

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Буын. Туған жер

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.02.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/132016/>

Білім беру ұйымының атауы	Б.Қаратаев атындағы ЖОББМ			
Пәні:	Ана тілі			
Бөлім:	Буын және тасымал			
Педагогтің аты-жөні:	Сұлтангереева Ә.Е.			
Күні:	03.02.2023			
Сынып:	1 «а» сынып			
Сабақтың тақырыбы:	Буын. Туған жер			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.3.1.2.мәтін бөліктерін анықтап, жоспар құру; 1.2.9.1.дауысты дыбыстардың буын құрайтынын білу, буын санын анықтау;			
Сабақтың мақсаты	Мәтін бөліктерін анықтап, жоспар құрайды. Дауысты дыбыстардың буын құрайтынын біледі, буын санын анықтайды ЕБҚ (Ойлау деңгейі баяу): Туған жер туралы сурет салып және әңгімелейді.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы 5 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру – Туған жер ұғымын қалай түсінесіңдер? Туған жерлерің жайлы әңгімелеп көріңдерші.	Өз ойларын айтады	Дескриптор: Дыбыстарды ажырата алады Оларды ойын шарты бойынша орналастырады	Қазақстан туралы суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут	Өткенді пысықтау «Үш түсті вагондар» әдісі Дауыссыз дыбыстарды бір вагонға, жуан дауыстыларды бір вагонға, жіңішке дауыстыларды бір вагонға жапсыр	Дыбыстарды вагондарға орналастырады	Дескриптор: Оқушылар мәтінді түсініп оқиды. Сұрақтарға жауап береді. Жоспар бойынша мәтін бөліктерін анықтайды.	Оқулық
Сабақтың ортасы 20 минут	Жаңа тақырып Оқылм 1-жаттығу. Мәтінмен жұмыс. 1.Мұғалім мәтінді оқып береді. 2.Оқушылармен бірге мәтін бөліктерін анықтайды. 3.Сұрақтар қояды. –Дархан қайда барды? –Қалада қанша уақыт болды? Жоспар: 1. Дарханның ауылға асығуы 2. Атасы екеуінің ауылға жетуі 3. Туған жердің түтіні де ыстық Жоспар – мәтін бөліктерінің атауы. Дәптермен жұмыс Дәптер көлбеулігін сақтау. Партада дұрыс отыруын қадағалау. Тек дауысты дыбыстар ғана буын құрайтынын ұғынады және сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатыны туралы білімдері бекиді. Көркем жазу р р р р р р р р р р р р 2-жаттығу Өлеңді көшіріп жаз. Ұлы дала ұланымын, Күліп аққан бұлағымын. Самғайтуғын зеңгір көкке Мен елімнің қыранымын. Серік Ақсұңқарұлы ЕБҚ Туған жер туралы сурет сал және әңгімеле ЕҚБ «Туған жер « тақырыбына әңгіме жазып көр. Қоңыр тобының орындауындағы «Туған жер» әнін тыңдату	Мәтінмен жұмыс жасайды	Дескриптор: Тек дауысты дыбыстар ғана буын құрайтынын ұғынады Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатыны туралы білімдері бекиді. Көркем жазу емлесін сақтап жазады	Суреттер
		Жоспармен танысады	Сен мықтысың! Мен саған сенемін!	Жұмыс дәптері
		Дәптермен жұмыс жасайды	Дескриптор: Буындардан сөз құрайды Буынға бөлу ережесін біледі	Жазу үлгісі
		Өлеңді көшіріп жазады	Бес жолды өлең жазуды үйренеді Өлең жолдарын дұрыс құрауға машықтаанады	Музыка Аудио немесе бейнебасылым
		Жеке жұмыс жасайды		
		Ән тыңдайды		Кеспе буындар
Сергіту сәті 2 минут	3-жаттығу «Буыннан сөз құра» ойыны Көк түспен жазылған буындардан бірнеше сөз құрауға болады. Мысалы: қайық, қала, қара, балық, бала, бата. Марат: «қайық», – деді. Сәуле: «қала», – деді. Жандос: «қара», – деді. Кестедегі үлгіге сәйкес бір, екі, үш буынды сөздер қатарын толықтырып жазады	Ойын ойнай отырып, сөз құрайды	«Білім сандығы» әдісі	
Сабақты қорыту 6 минут				
Қосымша тапсырма 2 минут	ФС тапсырмасы ҚЖ: «Бес жолды өлең» әдісі Туған жер Әсем, әдемі Туған жерді сүйемін! Менің туған жерім керемет! Отаным!	Өлең жазуға үйренеді		Кері байланыс тақтасы
	Кері байланыс			
Кері байланыс 5 минут		Кері байланыс жасайды		

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.